

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ БІЛИМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛИҒИ
ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ



АБАЙТАНУ

ПӘННІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім
Оқыту саласы: 110000 – Білім
Оқыту бағыты: 60111500 – Ана тілі мен әдебиеті
(қазақ тілі және әдебиеті)

Шыршық – 2023

Пән/модуль коды Abaush407	Оқу жылы 2026/2027	Семестр 8	Кредиттер 6
Пән/модуль түрі Міндетті	Оқылу тілі: Қазақ тілі		
Пәннің аты	Аудитория жаттығулары (сағат)	Өзіндік білім (сағат)	Жалпы жүктеме (сағат)
1.	Абайтану	90	90
2.	1. Пәннің мазмұны Пәнді оқытудан мақсат–Абай шығармаларының мазмұн-мағынасын, тағылымдық мәнін, көркемдік қуаттылығын неғұрлым тереңірек түсіндіру, акын поэзиясының мәні мен мағынасын, көркемдік қасиетін, нәрін ұғындыру. Акын шығармашылығының зерттелуі, акын мұрасының игерілу, жариялану тарихы жөнінде мағлұматтар қалыптастыру. Пәннің міндеттері–Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын айқындау; Ұлттық сөз өнеріне қосылған Абай шығармаларын талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу; Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу, талдау жасауда қоғамдық ой-санамен қабағастыра зерделеу; Студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға Абай мұрасының әсерін пайымдауға үйрету көзделеді. II. Негізгі теориялық бөлім (лекция жаттығулары) II.1. Пән құрамына төмендегі тақырыптар енеді: 1-тақырып. Абайтану пәннің мақсаты мен міндеттері. Абайтану – қазақ әдебиеттану ғылымының ең көп зерттелген өнімді саласының бірі. Акын шығармаларының алғаш баспасөз бетінде жарық көріп, оқырман жүрегіне жол табуынан бастасақ, оның бүгін жүз жылдан астам тарихы бар. Абай өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми мәні бар алғашқы ой-пікірлердің жарық көруі де осы ғасырдың бас кезінен басталады. Бірақ Абайды алғашқы зерттеушілердің аты – жөні мен еңбектері соңғы кезге дейін жабық саналып Абайтанудың алғашқы кезеңі ақтандақ күйінде қалып келді. Тек еліміздің тәуелсіздік алуы жағдайында ғана бұл мәселені ашық әңгімелеуге мүмкіндік туып отыр. 2-тақырып. Акынның өмірі мен шығармашылығы. Ұлы акын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің және әдеби тілінің негізін салушы – Абай (Ибрахим) Құнанбайұлы өмірі туралы мол деректер беру. Акынның шығармашылықпен еркін араласуы 1860 жылдардан бастау алды. Абайтанудың білгірі М. Әуезовтің атап		

көрсеткеніндей, Абай мұрасының нәр алған рухани үш арнасы: өз халқының мәдени мұрасы мен Шығыс, Батыс елдерінің рухани қазынасы болды.
3-тақырып. Абай – қазақ поэзиясының реформаторы.
Қазақ поэзиясына Абай әкелген жаңалықтар. Абай – ойшыл, философ акын. Абай өлеңдеріндегі махаббат тақырыбы.
4-тақырып. Абай шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы.
Акынның жастар тәрбиесіне арналған «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» атты шығармаларының мазмұны.
5-тақырып. Акын мұрасындағы табиғат тақырыбы.
Қазақ поэзиясына табиғат лирикасын тұңғыш енгізген Абай. Жылдың төрт мезгіліне арналған өлеңдерінің мазмұны.
6-тақырып. Абайдың поэмалары.
Абайдың шығармашылық мұрасындағы оның поэмаларының орны. «Ескендір», «Масғұт» және «Өзімнің әңгімесі» поэмаларының жалпы мазмұны, көркемдік ерекшелігі, жазылу тарихы.
7-тақырып. Абайдың көркем аудармалары.
Абайдың, жазба әдебиетімізде көркем аударма саласын дамыту жөніндегі еңбектері, жаңашылдық бастамасы.
8-тақырып. Абайдың қарасөздері.
Абайдың шығармашылық мұрасында оның қарасөздерінің алатын орны, ұлттық көркем прозаны дамытудағы маңызы.
9-тақырып: Абайдың ақындық мектебі.
Абайдың акын шәкірттері. Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен бірнеше акын болды. Мұндай акын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия. Абайдың өз балалары. Қалған екеуі – Көкбай, Шәкәрім. Сондай-ақ Абайдың өзін көрмей сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық тұрасында арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар.
10-тақырып. Абайтану ілімінің қалыптасу тарихы.
Абайтану ілімінің жүз жылдық тарихы. Абай мұрасы жөніндегі ең алғаш пікір айтқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов еңбектері. «Абай» журналының жарық көруі. Кеңестік дәуірде Абай шығармашылығы жөнінде орын алған теріс көзқарастар.
11-тақырып. Абай және Мұхтар Әуезовтің әдеби ортасы.
Абай және Әуезов, Абай тәлімі, Мұхтар Әуезовтің Абайды танып-білуге қосқан үлесі. Мұның өзі екі үлкен сала. Бірі Мұхтар Әуезовтің абайтануға, яғни Абайдың өмірі мен шығармашылығын, оларға қатысты мәселелерді баяндайтын ғылыми еңбектерін, зерттеулері мен мақалаларын талдап бағалау. Екіншісі Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларында Абай бейнесін суреттеуі, оның заманын, өмір жолын,

акындық, ағартушылық, қоғамдық қызметін сипаттап көрсетуі, яғни Мұхтар Әуезовтың Абайға арналған пьесасы, опералық либреттосы, киносценарийі, әсіресе төрт томдық «Абай жолы» эпопеясы төңірегінде айтылған, қорытылған ой-пікірлер. Тағы бір өте маңызды қыры бар. 12-тақырып. Абай және шығыс классиктері. Бірінші кезең жас ақынның жиырма жасқа дейінгі өмір кезеңінен қамтиды. Мұны м. Әуезов шығыс классиктеріне таза еліктеу дәуірі деп таныған. III. Семинар жаттығулары бойынша әдістемелік нұсқау және ұсыныстар Семинар жаттығулары үшін төмендегі тақырыптар ұсынылады: 1. Абайтану ғылымының қалыптасу тарихы 2. Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы 3. Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы 4. Абай қазақ поэзиясының реформаторы 5. Абай шығармаларында адамгершілік тақырыбы 6. Абай мұраларында табиғат лирикасы 7. Абай поэмалары 8. Абайдың көркемдік аудармалары 9. Абайдың ақындық мектебі 10. Абайдың қарасөздері 11. Абай және Мұхтар Әуезовтың әдеби ортасы. 12. Абай және шығыс классиктері. Семинар жаттығулары мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-оқытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегімен өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және ақпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай. IV. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар: 1. Абай – кеменгер ақын 2. Абай – ұлы философ 3. Абай шығармаларының басылымы 4. Абайтану ғылымының пайда болуы 5. М.Әуезов – абайтану ғылымының негізін қалаушы 6. Абай қазақ поэзиясының реформаторы 7. Абай шығармашылығында табиғат лирикасы 8. Абай шығармашылығында оқу-білім мәселесі 9. Абай поэмаларының жазылу тарихы 10. «Ескендір» поэмасының тақырыбы мен идеясы	11. Абай өлеңдерінің өрнегі 12. Абай қарасөздеріндегі дидактикалық сарын 13. Абай қарасөздерінің тәрбиелік мәні 14. Абай өлеңдеріндегі махаббат тақырыбы 15. Абай өлеңдеріндегі адамгершілік мәселесі 16. Абай және шығыс 17. Абайтану ғылымындағы З.Ахметовтың еңбегі 18. «Өзім әңгімесі» поэмасының сюжеттік композициясы 19. Абайдың дидактикалық көзқарасындағы ақыл-ой тәрбиесі 20. Абай мұраларының рухани бастаулары 21. Абай және орыс классик әдебиеті 22. Ж.Ысмағұловтың «Абайдың поэтикалық сабақтары» атты монографиясының маңызы
---	--

3.	V. Пәнді оқыту нәтижесінде (қалыптасатын компетенциялар) Пәнді меңгеру нәтижесінде студент: • Абайтану ғылымының қалыптасу, даму кезеңдері жайлы білуі; Абайдың өмірі мен шығармашылығын теориялық тұрғыдан терең білімге ие болуы; (білім) • Теориялық білімді практикада қолдана білуі; дағды қалыптастыруға ие болуы; (дағды) • «Абайтану» курсының барысында студенттер алған білімдерін одан әрі тереңдете түсуге, Абай өлеңдерінің, қара сөздерінің, поэмаларының және көркем аудармаларының ішкі табиғатына талдай үңілу арқылы оларға ақын талантының көркемдік-эстетикалық мәнін игеруіне ие болуы керек. (өмірлік)
4.	VI. Оқыту технологиялары мен әдістері: • лекциялар; • интербелсенді әдістер; • тақырып бойынша кейс-сатдилар • семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.); • топтық жұмыс; • презентация жасау.
5.	VII. Кредиттерді алу үшін талаптар: Пәнге тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру, талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы, аралық бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру.
6.	VIII. Негізгі және қосымша оқу әдебиеттер мен ақпарат деректері Негізгі әдебиеттер: 1. Омаров А. Бүгінгі күнгі Абайтану. Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. Семей, «Интеллект», 2011. – 262 б.

2.Мирзахметулы М. Абайтану тарихы. Алматы, 1994.	Көмекші әдебиеттер: 3. Мирзиёев Шавкат Мирмонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргалиқда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президенти лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Махлис палаталарининг қўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. –Тошкент :Ўзбекистон, 2016. - 56 б. 4.Мирзиёев Шавкат Мирмонович.Танқидий таҳлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалиқ қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий яқунларива 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б. 5. Мирзиёев Шавкат Мирмонович. Буюк келажагимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга кураимиз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б 6. Ахметов З. Қалын елім, қазағым... Алматы, 2002. 7. Ахметов З, Қирабаев С. Абай. Өлеңдер мен аудармалар. Алматы, 1995. 8. Құнанбаев А. Қара сөз. Алматы, 2011. 9. Нұрғалиев Р. Абай энциклопедиясы. Алматы, 1995. 10. Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2020 - йил 6 – ноябрдаги "Ўзбекистоннинг янги тараққиёт даврида таълим – тарбиява илм – фан соҳаларини ривожлантириш чора тадбирлари тўғрисида " ги ПФ - 6108 - сон фармони. 11. 2020 йил 31 декабрдаги “Олий таълим муассасаларида таълим жараёнини ташкил этиш билан боғлиқ тизимни такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида” ги 824-сонли қарор.
	Ақпарат ресурстары: 1. http://www.edu.uz–O‘zbekiston Respublikasi Oliy va o‘rta maxsus ta’lim vazirligi sayti. 2. http://www.uzedu.uz – O‘zbekiston Respublikasi Xalq ta’limi vazirligi sayti.

	sayti. 3. http://www.gov.uz– O‘zbekiston Respublikasi xukumatı portali. 4. www.pedagog.uz 5. www.cspi.uz 6. www.pedagog.uz 7. www.edu.uz 8. www.natlib.uz (A.Navoiy nomidagi O‘z.MK) 9. www.ziyounet.uz - Ziyonet axborot-ta’lim resurslari portali
7.	Шыршық мемлекеттік педагогика университеті тарапынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2023 жыл “<u>29.08</u>” / <u>1</u> дағы қаулысымен бектілген.
8.	Пән/модуль үшін жауапкерші: Н.Жарасбаев – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасы оқытушысы. Ж.Байзақов – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының оқытушысы, ф.ф.д. (PhD)
9.	Пікір білдірушілер: Абдувалитов Н.Б. – ТМПУ, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті м.а., п.ғ.ф.д., (PhD). У.Байкабилов – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының доцент м.а